

ӘОЖ 83.3(0)3

Д.К. Сайкенева

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: Saidin13@mail.ru

Хмонг мәдениетінің демонологиясы

Аңдатпа. Мифологиялық көзқарас өмірдің барлық саласында терең нығайған, аңыздың қызметі, қоғамдық сана формасы, табиғи және әлеуметтік болмысты түсіну тәсілі ретінде түрлі формада қолданылып келеді. Мифологиялық дүниетаным рөлі хмонгтардың тұрмысында маңызды рөл атқарды және көне жоралғылар мен қорқыныш сезімдері демеу беретін, дәстүрлі қоғам мен бабалардың ұжымдық зердесімен үзілмес байланысты көрсетті.

Түйін сөздер: көне мифология, дүниетаным, архетип, дәстүрлі қоғам, бабалар ғұрпы.

Мәдениеттің тұрақтылығы мен тіршілікке қабілеттілігі, оның бірлігі мен тұтастығын анықтайтын құрылымның қаншалықты дамығанымен себептеледі. Бұл жерде мәдениеттің әр түрлі текті салаларының бірлесіп кетуі барысында пайда болған семиотикалық байланыс қана қарастырылмайды. Мәдениеттің тұтастығы, сонымен қатар біркелкі тәртіп ережелерін, жалпы естеліктер мен бір әлем бейнесін құруды ұйғарады. Негізінде тәжірибе стереотипизация процесі жатқан мәдениет қызметінің осы аспектілеріне дәстүр механизмінің әрекеті бағытталған [1, 5 б.].

Дәстүрлі қоғамда адам әрекеті дәстүрлермен, ал дүниетанымы қоғамның ұжымдық жадысымен ерекшеленеді. Тұрмыстық салты бабалардың тұрмысына сәйкес келеді де, жаңаруға қолайсыз. Бабаларымыз осылай өмір сүрді, қазіргі қоғамға да берілген үлгі бойынша өмір сүру керек. Қазіргі күннің өзінде Қытайдың түрлі этникалық топтарының дәстүрлі қоғамын бақылайтын болсақ, мұнда әлем бейнесі мифология мен автотонды нанымдардан алынған, сөйтіп, ежелгі мәдениет пен өркениеттің бейнесі жанданған. Мұндай қоғам әлемдік қоғамдастықпен күрделі ықпалданады, бұл, бір жағынан, ерекше мәдениетті сақтауға көмектесе, екінші жағынан, әлеуметтік мәселелерді шешуде бөгет туғызады. Аңыз түсінудің алғаш тәжірибесімен байланысты, процестің бастапқы әрекетін көрсетеді, сәйкесінше көне түсініктер пайда

болады. Әлем жайлы кейінгі ұғымдар негізінде не жағымды білімнің келуіне (мифологиялық түсініктің орнына құбылыстың адекватты түсінігі келуі), не діни көзқарастардың қалыптасуына (сана болмысқа жанасымсызды қалдыруды тырысады, бірақ мифологиялық мән бүтіндігін әлі де қамтамасыз етеді) [2, 5 б.]. Әлемді осы түрде ұғыну дәстүрлі қоғамға тән. Көрсетілген қауым барлық ғұрыптарды сақтап, бөлектеніп тұрғандықтан, оларда мифологиялық көзқарастардың ақиқаттығы жайында рефлексия (ой-толғаулар) туындаған жоқ. Әлеуметтік өмірде қауым негізгі рөлде болды: бір көзқарас, діни көшбасшы, барлық ғұрыптарды сақтау – тыныш өмірдің кепілі болды. Аңыз адам санасында (ал кейде олардың психикасының ессіз құрамдас бөліктеріне де) өмір сүріп, оған әсер етуі, тек «бұқаралық» мәдениеттегі адамның жеке-дара қабілетін қатаң басым ету (немесе мәдени ағыстың «басты сызығының» перифериясына ығыстырылған) жағдайында ғана өмір сүре алады. Осылай көне мифологиялық сананың үстемдігі кезінде де, қазір де «бұқаралық қоғам» және оның жаппай мәдени формалары кезінде де болып жатыр [3, 5 б.]. Мифологияны зерттеп, қайта жасаудың барысында біз қазіргі кезеңде дәстүрлі топтардың ойлау бейнесі мен әрекетінің ерекшеліктері неде негізделетінін уақытылы түсінуге мүмкіндік алар едік. Бұл дәстүрлі қоғам үстемдігі бар мемлекеттерде кейбір процестер мен оқиғаларды қарастыруда маңызы зор.

Мифологиялық ойлау өмірдің барлық салаларында терең нығайған, ал қоғамдық сана формасы, табиғи және әлеуметтік болмысты түсіну әдісі ретіндегі аңыздың қызметі өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазіргі кезеңдегі дәстүрлі қоғамның әлеуметтік өміріндегі аңыздың рөлі әлдебір әлеуметтік диссонансты (үйлесімсіздікті) қозғауы мүмкін. Осыған орай бұл мәселе бойынша әртүрлі амалдарды қарастыру қызықты болады. XIX ғасырдың аяғынан бастап «ремифологизация» басталды. Практика барысында Р. Вагнердің «Валькирия ұшуы», XX ғасыр этнологиясы, Б. Малиновскийден «Магия, ғылым және дін» [4] бастап шығармашылығын бағалап, Дж. Фрезер «Ескі өсиеттегі фольклор» және соңғы «Кембридж мектебі» делінетіннің шәкірттерімен аяқтағанда, аңыз бен ғұрыптардың көне қоғам мен әлеуметтік институттардың генезисіндегі негізгі рөлін көрсетті. Ремифологизация аңызды мәдениеттің алғытарихының эпизоды ретінде емес, мәдениеттің уақыттан тыс тірі болмысы ретінде қабылдауға бастау алды. Аңызды ерекше спецификасы бар адамзат қызметінің «символдық» формасы ретінде терең түсіну керек. Құрылымдық антропология көшбасшысы Клод Леви-Стросс «Алғашқы ойлау», «Қайғылы тропиктер» [6] мифологияны интеллектуалды және аса жемісті ойлау ретінде бейнелейді [7, 168-173 б.].

К.Г. Юнг [8] психоаналитикалық көзқараспен аңызды қарастыруы барысында, жалпы адамзат табиғатында мифологиялық ойлау әмбебап және тұрақты қалыптасқан деген қорытындыға келді. Ұжымдық ойлау нәтижесі – архетип, ал ол өз алдына аңыздың негізі. Санасыз жасалған бұл архетиптер, жеке мазмұны жоқ, ал санаға эмоционалды қаныққан бейнелер арқылы еніп, оларды символға айналдырады. К.Г. Юнгтың концепциясы аңыздың жеке және ұжымдық күйін кешуді ескеруді міндеттелген, қазіргі аңыз шығармашылығының сапасын саралау негізінде ерекше мәнге ие болады.

Айқын мысал ретінде, көптеген мәдениетте бар «түнгі мыстан» деп аталатын архетипті айта аламыз. Түнгі мыстанға сену тек Оңтүстік Азияда ғана емес, дүниежүзі бойынша да кеңінен тараған. Есте боларлық, ұйқы параличі (сал ауруы) барлық мәдениеттерде белгілі және барлық жерде түнгі жынмен байланыстырылады.

Индонезияда оны диджонтон (қысылған) деп атайды. Қытайда – бей гуййа (елес билігінде).

Мадиярларға (Венгр) ол божоркани-нимас (мыстанмен ұсталған) атымен әйгілі. Жапон халқына түнгі тұншықтыру жыны – канашибари. Ньюфаундленд аралының тұрғындары түнгі жынды олдхаг (албасты) деп атайды. Голландиялық атауы ағылшын атауына жақын келеді (night-mare), «түнгі мыстан» мағынасын береді (mare тамыры не немістің mahr, не ежелгі скандинавиялық (mara-дан) пайда болды). Осылай әйел бейнесіндегі қиял-ғажайып жанды атаған, Адлердің айтуы бойынша ол «ұйықтап жатқан адамның кеудесіне отырады да, тұншықтырады») [9,21]. Албасты – түркі мифологиясының пері тектес кейіпкері. Әдетте көріксіз жалаңаш әйел бейнесінде келеді, Татар халқында Албасты (эль – «қол» и басмак – «қысу»: әлде біреуді қолмен қысатын жан; немесе алт – «алды» және басмак – «қысу»-дан шыққан: алдын, демек, кеудесін қысатын жан), түнде келіп, кеудені қысады [10, 6 б.].

Әр мәдениетте «мыстанның келіп, ұйықтап жатқандарды қысуы» өте ұқсас суреттеледі. Құрбан болған жандар ұйықтамай жатырмын деп ойлайды, қоршаған орта жоғары деңгейде шындыққа татиды, бірақ қозғала алмайды. Адамды «айтуға келмейтін үрей мен қорқыныш сезімі» билейді, оның кеудесін біреу қысып жатқандай болады да, тынысы тарылады. «Түнгі мыстанға» деген сенімге мысал ретінде Вьетнам соғысынан кейін АҚШ-қа қоныс аударған хмонгтарды (мяо) келтіруге болады. Қоныс аударғандар АҚШ-та үнемі көптеген күрделі жағдайларға тап болады. Миннеаполис немесе Фресно мал шаруашылығы мен аңшылығы бар биік таулы Лаосқа мүлдем ұқсамайды. Жұмыссыздық шарықтап, көбісі өзіне деген сенімінен айырыла бастады. Осы кезеңде мифологиялық дүниетаныммен байланысты мәселе пайда болды. 33 жастағы 117 жас жігіттің өлімі ұйықтап жатқан кездерінде болды. Өлімнің себебі сол қалпы анықталған жоқ, дәрігерлер бұл жағдайды ұйқы параличі деп белгіледі [9,16 б.]. 25 жылдан кейін Калифорния университетінің профессоры Шелли Адлер өзінің «SleepParalysis: Night-Mares, Nocebos, and the Mind-Body Connection» (Ұйқы параличі: түнгі мыстандар, ноцебо және сана мен дененің байланысы) кітабында мифология мен осы этникалық топтардың дәстүрлі көзқарастарына көңіл аударды: «Кейінірек анықталғандай SUNDS (Sudden Unexpected Nocturnal Death Syndrome, Аңдаусыз түнгі өлімнің синдромы) деп дәрігерлермен

белгіленген ауру мяо түсініктерінде өз уақытысында оларға белгіленген дәстүр ғұрыптарын орындамағаны үшін, ұйықтап жатқан адамдарды өлтірген, түнгі мыстан болып шықты. АҚШ-қа көшкеннен кейін хмонгтар бабаларды құрметтейтін кейбір ғұрыптарды өткізе алмады» [11, 187-189 б.]. Бабалар ғұрпын құрметтеу хмонгтардың діни өмірінде негізгі орынға ие, өйткені отбасын қорғап, жұмыста тіреу болатын олар – отбасылық құдайлар дәрежесіне ие болады. Ата-бабаларды құрметтеу әртүрлі ғұрыптар мен аруақтарға берілетін сый-тартулармен білдіріледі, оны отбасындағы үлкен ұл жасайды. Отбасылық мехрабтағы тартуларды бабалар аруағы уақытысында алмаса, түнгі мыстан келеді (Тцогцуам (түнгі мыстан) түнде келеді де, кеудеге отырады, нәтижесінде тыныс алу қиындап, паралич ауруына алып келеді, адам қаза болады). Таулы аймақ тұрғындары хмонгтар үшін қалалық пәтерлерде таралып орналасу, үлкен қасірет әкелді. Ғұрыптарды орындамаумен байланысты жас жігіттер өле бастады, ал үйді тазартып, тцогцуамдармен күрес жүргізу үшін қастарында діни көсем болған жоқ. Көптеген қазадан кейін хмонгтар қауым болып көшіп келіп, тұратын болған, діни ғұрыптар өткізіле бастады. Ақырында еркектердің өлімі тоқтатылды. Профессор Адлердің санағы бойынша, христиан дінін қабылдаған хмонгтар тцогцуамның шабуылына көбірек ұшырады [9, 19 б.]. Мемлекет пен өмір салтын өзгерткен хмонгтар бөтен дінді де қабылдамақ болды, алайда ұжымдық зерде мен діни дүниетаным үлкен ықпал тигізіп, нәтижесінде ішкі күйзеліс пен үйлесімсіздік тцогцуамды туғызды.

Түнгі мыстан туралы мифологияға қатарласа салыстыруды жүргізу барысында, көне адамда болған және сол бейнені жасаған, алғашқы үрей жайлы қорытындыны жасауға болады:

– біріншіден, бұл қауіп әкелетін түнгі жан – қараңғылықтан үрей, беймәлім, елеусіз нәрсе, зұлмат алдындағы көне қорқыныш;

– екіншіден, әйел бейнесіндегі жан – онтүстік-шығыс Азия елдерінде, христиан дінін насихаттайтын елдерде де әйел – зұлматтың бастамасы, алғашқы күнәнің бастаушысы;

– үшіншіден, мыстанның шабуылынан барлығы емес, тек діни ғұрыптардан бас тартқандар ғана жапа шегеді.

Хмонгтардың мәселесіне оралатын болсақ, берілген жағдай дәстүрлі қоғамда мифологиялық дүниетаным адам санасында бірінші орында

болғандарға ғана тиесілі. Мифологияның жандануынан кейін өлімнің себеп-салдары белгілі болды. Өзін-өзі тану процесі қоршаған болмысты тану процесімен қатар жүргенді алар болсақ, хмонгтар қоныс аударып, жаңа өмір кеше бастады, жаңа дінді қабылдады, ұзақ уақыт аралығында жаңаны түсінгеннен кейін ғана, бұл қасірет тоқтады.

Осы күнге дейін біз белгісіздік алдында үрей туғызамыз, ол қараңғыдан қорқудан көрініс табады, көне дүниетаным қазіргі ой-пікірлерде де бар. Аңыз дін мен қазіргі дүниенің қасында өмір сүреді, көне мифология қазіргі фобияларға (үрей, қорқыныш) бірте-бірте дамыды. Жоғарыда көрсетілген мысалдарда, алғашқы қорқыныштар мен сенімдерге қарсы шықпасаң ол қазіргі өмірде мифологиялық жандарға сенімді арттырады, сөйтіп дәстүрлі қоғамдағы мифологиялық дүниетаным рөлін зерттеу міндеттілігін көрсетеді және оны жеке элемент ретінде емес, дәстүр, фольклор мен тарихқа қоса зерттеу керектігін ескереді. Дүниеде образды-символдық келтіру мен түсіндіру әрекетімен белгіленеді. Белгілі ағылшын этнографы Б. Малиновский белгілеп қойғандай: «Аңыз алғашқы қауымда қалай өмір сүрсе, бұл тарих емес, оны айтып беретін, бұл болмыс, онымен өмір сүреді. Бұл интеллектуалды тапсырма немесе көркем шығармашылық емес, бұл – алғашқы қауым ұжымының практикалық нұсқауы. Адамға белгілі бір білім немесе түсінік беру аңыздың мақсаты емес. Белгілі бір қоғамдық нұсқаманы дәлелдеуге, белгілі бір наным мен тәртіпті бекіту үшін аңыздың маңызы зор» [12]. Сол үшін мифологияның орны тек саясат пен тарихта ғана емес, әлеуметтік өмірде де маңызды. Әр түрлі халықтың аңызы неге әкелетінін айту қиын. Дәстүр, наным-сенімге терең сараптама жасау керек. Өйткені алғашқы ойлау қазіргі қоғамның өзінде күресуге қиын соншалықты үрей сезімдерін туғызды.

Әдебиеттер

1 Байбурин А.К. Ритуал в традиционной культуре – структурно-семантический анализ восточнославянских обрядов. – СПб.: Наука, 1993. – 242 с.

2 Борко Т.И. Эволюция мифа: на пути становления религиозного мировоззрения: Автореферат. – Тюмень, 2006. – 37 с.

3 Воеводина Л.Н. Мифология и культура: учебное пособие. – М., 2001. – 356 с.

- 4 Малиновский Б. Магия, наука и религия, Пер. с англ. – М.: Рефл-бук, 1998. – 304 с.
- 5 Дж. Фрезера Фольклор в ветхом завете. – М.: Изд-во политической литературы, 1989. – 296 с.
- 6 Клод Леви-Строс. Печальные тропики. – М.: Мысль, 1984. – 220 с.
- 7 Иванов В.В. Бессознательное, функциональная асимметрия, язык и творчество // Бессознательное: сборник. – Новочеркасск, 1994. – С.168-173.
- 8 Рябцев С.В. Место и роль мифологии в социально-политической жизни России XX столетия: Социально-философский анализ. – М., 2004
- 9 John Michael Greer. Monsters: An Investigator's Guide to Magical Beings. Seventh Printing, 2004. – 256 p.
- 10 Насыров К. Поверья и приметы казанских татар. – СПб., 1880, – 25 с.
- 11 Shelley R. Adler, «Terror in Transition: Hmong Folk Belief in America,» in Out of the Ordinary, Barbara Walker, ed., Logan, Utah: Utah State Press, 1995. – 356 p.
- 12 Цит. по: Лосева И.Н. Миф и религия в отношении к рациональному познанию // Вопросы философии. – 1992. – №7. – С. 65.

Д.К. Сайкенева

Демонология в культуре хмонгов

В статье рассматриваются присутствие мифа в жизни традиционных обществ в современном мире и трансформации архаичных страхов в современные фобии, анализ архетипа ночной ведьмы в культуре хмонгов (мяо), необходимость реконструкции мифологии традиционных обществ, которая может дать понимание, в чем заключается поведение и образ мышления традиционных групп на примере послевоенной ситуации в США и представителей народности хмонгов, которые столкнулись с возрождением в сознании первобытного страха перед ночной ведьмой. В заключении автор делает выводы о необходимости комплексного изучения мифологии для более адекватной трактовки происходящих изменений в жизни традиционных обществ.

Таким образом, уделяется особое внимание реконструкции мифологии, используются типологические параллели из других традиционных мифов и традиционных представлений, что помогает установить пространственные, социальные и культурные особенности традиций и трансформации архетипа в современном мире. Вносит определенный вклад в понимание роли традиций в современной культуре хмонгов.

Ключевые слова: древняя мифология, мировоззрение, архетип, традиционное общество, обычай предков.

D.K. Saikeneva

Demonology in hmong minority's culture

In this article author considers presence of mythology in the modern life of traditional society, and transformation of archaic fears to modern phobias. The article represents analysis of night mare's archetype in Hmong's culture. Author considers necessity of reconstruction traditional society's mythology, which give understanding of habits and thinking of traditional groups. This example covers post-war situation in the U.S.A. There are representatives of Hmong's minority faced with revival of primal fear before night mare in their consciousness. In conclusion, the author infers need for integrated study of mythology, for a more adequate interpretation of the changes in the life of traditional societies.

Thus, in the article, the author focuses on the reconstruction of the mythology, uses typological parallels from other traditional myths and traditional beliefs, which helps to establish the spatial, social and cultural characteristics of traditions and transformation of the archetypes in the world. The author contributes to the understanding of the role of tradition in modern Hmong culture.

Keywords: ancient mythology, philosophy, archetype, traditional society, the custom of their ancestors.